

"AQQORGAN ENERGO" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Шымкент қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 23 шілдедегі № 4160 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, заңды тұлғаның өтініші негізінде, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "AQQORGAN ENERGO" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Шымкент қаласы, Сайрам ауданы, Тассай ауылдық округі, №179 орам мекенжайында орналасқан пайдаланудағы жоғарғы қуатты электр желілері үшін (ЛЭП ВЛ-35) алаңы 0,9682 га жер учаскелеріне меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай 2030 жылдың 09 шілдесіне дейін қауымдық сервитут белгіленсін:

"AQQORGAN ENERGO" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 10 жұмыс күн мерзім ішінде 2025-2026 жылдарға арналған сервитут құны 66 612 (алпыс алты мың алты жүз он екі) теңгені жыл сайын өзгерістерге сәйкес Шымкент қаласының мемлекеттік кірістер басқармасының 201910 есеп шотына аударсын.

2. "Шымкент қаласының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын жетекшілік ететін қала әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласы әкімінің м.у.а

А. Кәрімов